

[illegible]

1. Жалпы ережелер

2. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар қажеттілігі жағынан нақты жағдай үшін толыққанды және/немесе шекті болып қарастырылмауы тиіс.

1. Негізгі терминдер мен анықтамалар

- **лауазымды тұлға** – Кәсіпорында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша орындайтын тұлға (Кәсіпорынның Бақылау кеңесінің мүшелері, Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, жекелеген қызметкерлер);

- **коммерциялық сатылу** – коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару қызметін атқаратын тұлғаға ақша, бағалы қағаздар немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оған пара беруші немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жалпы қамқорлығы немесе заңсыз әрекеттерге көз жұма қарап жол бергені үшін мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету;

- **мүдделер қақтығысы** – лауазымды тұлғалардың / қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

- **сыбайлас жемқорлық** – Кәсіпорынның лауазымды тұлғаларының жеке өзі немесе делдалдар арқылы өздері не үшінші тұлғалардың мүддесі үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе қабылдау мақсатында өз өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді асыра пайдалануы, сондай-ақ осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен пара беру;

- **ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар** – Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жұмыс бойынша бағынысты тұлғалардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ оларға қатысты ынталандыру шаралары мен тәртіптік жазаларды қолдануға берілген құқық;

- **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – Кәсіпорынның өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және болдырмау, сондай-ақ олардың салдарын жою бойынша қызметі;

- **арандатушылық** – бұл Кәсіпорынның лауазымды тұлғаларын пайдакүнемдік мақсатта заңсыз әрекеттер жасауға итермелеу, олар құқық қорғау мүдделері үшін зиянды салдардың алдын алу мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүр болатын жағдайларды қасақана жасау;

- **пара алу** – Кәсіпорынның лауазымды тұлғасы немесе қызметкерінің заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен пайда алуынан тұратын қылмыс;

- **пара беру** – Кәсіпорынның лауазымды тұлғасын немесе қызметкерін заңды немесе заңсыз іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға итермелеуге, не пара берушінің пайдасына, оның ішінде жұмыс бойынша жалпы қамқорлығы немесе көз жұма қарауы үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс;

- **Кәсіпорын қызметкері** – Кәсіпорынның бірінші басшысымен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға.

3. Сыбайлас жемқорлыққа бағытталған және коммерциялық сатылудың ықтимал жағдайлары, сондай-ақ мінез-құлық ережелері бойынша ұсыныстар

4. Қызметке жүгінген азаматтар, не серіктестер, сондай-ақ Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесінің қызметін тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар тарапынан арандатушылық немесе заңсыз әрекеттерді болдырмау үшін:

1) келушілер отырған қызметтік бөлмелерді, жеке заттарды (киім-кешек, портфельдер, сөмкелер және т. б.) қараусыз қалдырмау қажет;

2) келуші кеткенен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттарында қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, ешқандай дербес іс-қимыл жасамай, басшылыққа немесе офицер-комплаенске дереу баяндалуы тиіс.

5. Кәсіпорынның лауазымды тұлғасына, қызметкеріне пара (заңсыз ақшалай сыйақы) ұсынған жағдайда:

1) пара және/немесе коммерциялық сатылу нысанасын қабылдауға дайын немесе үзілді-кесілді бас тарту ретінде түсіндірілуі мүмкін асығыс мәлімдемелерге жол бермей, өте сақ, салмақты да сыпайы болу қажет;

2) Сізге ұсынылған шарттарды (сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы мен қызметтердің сипаты, пара беру мерзімдері мен тәсілдері, коммерциялық сатылу нысаны, мәселені шешу реті) мұқият тыңдап, дәл есте сақтап алу қажет;

3) пара және/немесе коммерциялық сатылу нысанын қабылдау уақыты мен орны туралы әңгімені келесі жолға ауыстыруға тырысыңыз және келесі кездесу үшін сізге таныс орынды ұсыныңыз;

4) әңгімеде бастаманы өзіңізге алмай көбірек «қабылдауға жұмыс жасаңыз», сұхбаттасушының «сөйлеуіне» мүмкіндік беріңіз, сізге неғұрлым көп ақпарат беруі үшін;

5) пара беруге немесе коммерциялық сатылуға келіскен жағдайда сіздің мәселеңізді шешу кепілдіктері туралы сұраңыз;

6) егер сізде диктофон болса пара және/немесе коммерциялық сатылу туралы ұсынысты (жасырын) жазып алуға тырысыңыз;

7) осы оқиға жайлы жоғары тұрған басшылыққа және офицер-комплаенске хабарлауы міндетті;

8) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға не 1424 Call орталығына дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша немесе ауызша хабарлау.

6. Пара нысаны болуы мүмкін:

- заттар, ақша, оның ішінде валюта, бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық құралдар мен өзге де тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер телімдері және өзге де жылжымайтын мүлік;

- артықшылықтар: емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторий және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, демалыс пен ойын-сауық ақысы,

қымбат мейрамханалардағы тағамдар және басқа да шығындар ақысыз немесе арзан бағамен;

- параның жасырын түрі - қарызға немесе жоқ қарызды өтеу түріндегі банктік несие, төмен бағамен сатып алынған тауарлардың ақысын төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, пара алушыға, оның туыстарына, достарына жалақы төлеу арқылы жалған еңбек шарттарын жасау, жеңілдікпен несие алу, дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін алымдарды көбейту, казинода «кездейсоқ» ұтып алу, қарызды кешіру, жалдау ақысын азайту, несие бойынша пайыздық мөлшерлемені арттыру және т. б.

7. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері міндетті:

1) өзінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыру барысында мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігіне мұқият болуға;

2) мүдделер қақтығысының туындау себептері мен жағдайларын жою бойынша жан-жақты шаралар қабылдауға;

3) туындаған мүдделер қақтығысы немесе олардың туындау мүмкіндігі жайлы өзіңізге белгілі болған бойда тікелей басшыға жазбаша нысанда хабардар етуге;

4) тікелей басшының келісімі бойынша туындаған мүдделер қақтығысын еңсеру жөнінде шаралар қабылдауға;

5) мүдделер қақтығысының тарабы болып табылатын қызметкердің қызметтік жағдайын белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттеуге дейін және (немесе) мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартуға дейін өзгертуге;

6) қызметтік мінез-құлыққа қойылатын талаптарды сақтау және мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде комиссия құру.

4. Кәсіпорында лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық немесе өзге де құқық бұзушылық көріністеріне тап болған жағдайдағы іс-әрекеттері

8. Сыбайлас жемқорлық көріністері (пара беру, алу, не делдалдық), бопсалау, алаяқтық немесе өзге де құқық бұзушылықтар анықталған немесе оларға тап болған жағдайда Кәсіпорын қызметкерлері тиісті шаралар қабылдауы қажет, атап айтқанда бұл туралы комплаенс-офицерге хабарлау не өз қалауы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 call орталығына ауызша немесе жазбаша өтінішпен жүгіну қажет.

9. Сыбайлас жемқорлық немесе өзге сипаттағы құқық бұзушылық туралы хабарлау нысандарының бірі анонимді өтініш болып табылады. Бұл жағдайда өтініш берушінің анонимділікке байланысты жауап алуы екі талай, ал қылмыс туралы анонимді өтініштің өзі, мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыс туралы мәліметтер болған жағдайларды қоспағанда, қылмыстық іс қозғауға себеп бола алмайды.

10. Пара (заңсыз ақшалай сыйақы) бопсалау жағдайына тап болсаңыз сіз комплаенс-офицерге немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға хабарласып, сізден пара (заңсыз ақшалай сыйақы) бопсалау немесе коммерциялық сатылу фактісі туралы арыз жазуыңыз қажет, онда мынадай мәліметтерді нақты көрсету қажет:

1) лауазымды тұлғалардың қайсысы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекеменің атауы) сізден пара бопсалады немесе коммерциялық құрылымдардың қайсысы сізді сатылуға итермеледі;

2) бопсаланатын параның (сатылудың) сомасы мен сипаты қандай;

3) сізден нақты қандай әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін пара бопсаланды немесе коммерциялық сатылуға итермеледі;

4) пара беру немесе коммерциялық сатылу нақты қай уақытта, қай жерде және қалай жүргізіледі.

11. Өзінің функционалдық міндеттерін атқару барысында сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылық, коммерциялық сатылу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлаған Кәсіпорынның лауазымды тұлғасы, қызметкері мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ынталандырылады.

12. Кәсіпорын қызметкерлерінің өз функционалдық міндеттерін орындауы барысында сыбайлас жемқорлық, коммерциялық сатылу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы тұруға септігін тигізген лауазымды тұлға, қызметкер жайлы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

5. Қорытынды ережелер

13. Бұл Нұсқаулықпен «Қазавиаорманқорғау» РМҚК барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері танысып, қолдануы міндетті.

14. Нұсқаулық бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

15. Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер/толықтырулар оны Кәсіпорын Бас директоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.